

Атап айтқанда, Жосалы кентінде орналасқан №105 мектеп-лицейі 1962 жылы салынған және ғимарат іргетасының біркелкі шөгуі байқалады.

Нәтижесінде ғимараттың жер асты мен жер үсті бөліктерінің құрылыс конструкциялары жарықтар түрінде деформацияланады.

11.11.2022ж. «Д-АРУ» ЖШС-нің №22-218 ғимараттың техникалық жағдайы туралы сараптамалық қорытындысына сәйкес «ғимарат апаттық жағдайда және бұзуға жатады» деп көрсетілген.

Қармақшы ауданы, III Интернационал ауылында орналасқан №108 орта мектеп 1977 жылы салынған және ғимараттың тұрақтылығын, көтергіштігін қамтамасыз ететін элементтері (фундамент, қабырғалардың қоршау конструкциялары, бағандары және т.б) қарау нәтижелерімен айтарлықтай зақымданулар бар.

09.11.2022ж. «СтройСити LTD» ЖШС-нің №09 ғимараттың техникалық жағдайы туралы сараптамалық қорытындысына сәйкес «қанағаттанарлықсыз және одан әрі пайдалануға жарамсыз» деп танылған.

Демек, №105, №108 мектептеріндегі оқитын 968 баланың қауіпсіз ортада оқу құқығы шектеліп, сапалы білім алуына кері әсерін тигізуде (Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021ж. №76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының 23-тармағы бұзылған).

Осы тектес №29 орта мектеп бойынша «Д-Ару» ЖШС-нің 20.12.2023ж. №22-229 техникалық жағдайы бойынша апатты екендігі және бұзылуға жататындығы туралы қорытындысы алынған.

Санитарлық-эпидемиология қағидалары бойынша.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңының 8-бабына сәйкес әрбір баланың денсаулық сақтауға бұлжымас құқығы бар.

Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021ж. №ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) талабына сәйкес объектілерді пайдалану кезінде талаптары қамтылған нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтау қамтамасыз етілетіні көрсетілген.

Алайда барлық мектептерде санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың бұзылуы мектеп қызметкерлерінің еңбек ету жағдайына, ал оқушылардың ол мектепте сапалы білім алу құқығына нұқсан келтіруде (құжаттар тіркелді).

Сонымен қатар №26, 27, 121 мектептерде бастауыш сынып оқушылары үшін қосарланған сабақтар өткізуге жол берілген (Қағидалардың 73-тармағы).

Бұдан бөлек, №106 мектеп оқушылары үшін сабақтар арасындағы үзілістің ұзақтығы сақталмаған, барлық үзіліс кемінде 5 минут, үлкен үзіліс (2-ші немесе 3-ші сабақтан кейін) 30 минутты немесе бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтан кейін әрқайсысы 15 минуттан екі үзіліс жасау қарастырылмаған (Қағидалардың 75-тармағы).

Ұқсас бұзушылықтар 79 (бастауыш сынып), 183 (1 А, Б сынып), 284 мектептерде орын алған.

Яғни, №27, 79, 106, 121, 183, 284 мектептерде Қағидалар талаптары ескерілмей, салдарынан 493 баланың құқықтарының бұзылуына жол берілген.

Сондай-ақ барлық мектептердің оқушыларының тағамын ұйымдастыруға арналған 4 апталық ас мәзірі аудандық білім бөлімінің басшысымен бекітілген.

Мысалы, 03.08.2023ж. №185 орта мектебімен 53 700 теңгеге «кеңсе тауарлары», яғни қағазға арналған 60 дана папкаларды сатып алу үшін өнім беруші жеке кәсіпкер С.Жетпісбаевамен электрондық дүкен арқылы №63 мемлекеттік келісімшарт жасалған.

Сатып алуды ұйымдастырушы Заңның 51-бабының 2-тармағын бұза отырып, тауарлардың жекелеген түрлеріне мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде тек қана Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар қоғамдық бірлестіктерінен және мүгедектігі бар адамдарының қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдар арасында жүргізілетінін ескермеген.

Ұқсас бұзушылықтар №29, 30, 106, 109, 111, 113, 121, 183, 185, 199 мектептерде орын алған (тізім жалғанды).

Бұдан бөлек, №27 орта мектебімен өнім беруші жеке кәсіпкер «Диляра» оқушылар отыратын 50 орындыққа баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүргізіліп, 20.10.2023ж. 267 500 теңгеге №92 келісімшарт жасалған. Жұмыстың орындалу мерзімі 15 күнтізбелік күн белгіленіп, яғни 09.11.2023ж. дейі орындалуы көзделген.

Дегенмен өнім беруші шартта көзделген жұмыстарды 11 күнге кешіктіріп орындап, оқушыларға арналған 50 орындықты 20.11.2023ж. жеткізген.

Сонымен қатар №26 орта мектебімен 13 тонна көмір отынына баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізіліп, «Alkz» ЖШС жеңімпаз болып танылған. 27.09.2023ж. өнім беруші мен мектеп арасында 298 480 теңгеге №43 шарт жасалып, жұмыстың орындалу мерзімі 15 күнтізбелік күн белгіленген.

Алайда өнім беруші жұмыстарды уақытылы орындамай, 6 күнге кешіктіріп, 18.10.2023ж. «орындалған жұмыстар туралы акті» негізінде тапсырған.

Өз кезегінде тапсырыс берушілер кешіктіріп орындалған жұмыстарды қабылдап, ол жөнінде актіге қол қойған.

Бұл ретте тапсырыс берушілер өнім беруші тарапынан жұмыстар уақтылы орындалмаған үшін тұрақсыздық айыбын өндіруге бағытталған жұмыстарды атқармаған.

Ұқсас бұзушылықтар №109, 199, 250 мектептерде орын алған (тізім жалғанды).

Педагог қызметкерін жұмысқа қабылдау бойынша.

О.Шораяқұлы атындағы №30 мектептің Интернет-ресурсында және (немесе) әлеуметтік желілерінің ресми аккаунттарында және (немесе) мемлекеттік органның ақпараттық жүйесі арқылы конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланбай, тек еңбек биржасы арқылы хабарлама жарияланып, 2022 жылы педагог-психолог және математика пәнінің 2 мұғалімі жұмысқа қабылданған (Білім және ғылым министрінің 21.02.2015ж. №57 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидалары, бұдан әрі – Қағидалар).

Бұдан бөлек, осы мектепте математика пәні мұғаліміне 2023 жылы №27 мектептің математика пәнінің мұғаліміне өткізілген конкурс нәтижелері мемлекеттік білім беру ұйымының Интернет-ресурсында шығарылмаған (Қағидалардың 166-тармағы).

2023 жылы осы мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасарына өткізілген конкурс бойынша комиссия мүшелерімен кандидат жинаған балдарды есептеу жүргізілмеген

және кандидат қабылдау комиссиясының хаттамасында жалпы жиналған 13 балдың қайдан шыққаны белгісіз (Қағидалардың 161-тармағы).

Ал, №121 орта мектебінде тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына өткізілген конкурсқа сол мектептің 2 мұғалімі қатысып, конкурс жеңімпазы болуға 1 үміткерге мектеп басшысының ұсыным хаты басымдық берген (Қағидалардың 16-қосымшасының 7-тармақшасы).

Осы Қағидаларға 15.08.2023ж. өзгерістер енгізіліп, 25.08.2023ж. күшіне енген.

Дегенмен №26 орта мектептің әлеуметтік желілерінің ресми аккаунттарында 28.08.2023ж. орыс тілі мен орыс әдебиеті пәні мұғалімі конкурсына жарияланған хабарландыруында өзгеріс енгізілмей тұрған кездегі қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш үлгісі жазылған (Қағидалардың 154-тармағы).

Осы өткізілген конкурстың жеңімпазы болып танылған үміткер А.Шаймерденованың іс-құжаттарына өзгеріс енгізілмей тұрғандағы қағиданың 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініші қабылданған.

Сондай-ақ осы мектепте А.Шаймерденоваға қатысты іс-құжаттарында конкурстық комиссия құрамына енгізілмеген ғылыми-әдістемелік орынбасары Ж.Қасымова бағалау парағына балдарды есептеуді жүргізген (31.08.2023ж. №26 орта мектептің басшысының №194 бұйрығында Ж.Қасымова комиссия құрамында көрсетілмеген, Қағидалардың 147-тармағы).

Бұдан басқа, конкурстық комиссия кандидаттардың құжаттарын қарау нәтижелері бойынша біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау өзгеріс енгізілмей тұрғандағы қағиданың 11-қосымшасына сәйкес бағалау парағына балдарды есептеуді жүргізген (Қағидалардың 160-тармағы).

Сонымен қатар, математика және ағылшын тілі пәнінің 2 мұғалімі конкурстық рәсімнен өтпей, мектептен мектепке ауыстырылған (Қағидалардың 136-тармағы).

Осы сияқты, 2023 жылы №27 орта мектептің орыс тілі мен орыс әдебиеті пәні мұғаліміне конкурсқа түскен кандидат Г.Мадановаға қатысты орын алған.

Мектептердегі жөндеу жұмыстары бойынша.

Өткен жылы аудан аумағында орта білім беру ұйымдарында күрделі жөндеу жүргізілмеген. Ал, 2022ж. №28, 121 мектептер күрделі жөндеуден өткен.

Тексеру нәтижесімен №28 орта мектептің жобасы бойынша (Общеплощадочные чертежи. Генплан. Наружные сети водоснабжения и канализации. Лист-4. Таблица канализационных колодцев) КК-1, КК-2, КК-3, КК-4, КК-5 құдықтарына С1-01 4 дана, С1-02 1 дана саты (стремьянка) қаралған, алайда визуалды қарау барысында сатылар анықталмады. Мектеп ауласындағы әжетхананың қабырғаларына жарықтар түскен.

Бас жоспар бойынша (Общеплощадочные чертежи. Генплан. Наружные сети водоснабжения и канализации. Лист-1и. Генплан до ремонта) бұрынғы санитарлық-аула құрылғылары (әжетхана) демонтаждалу қаралса, нақты демонтаждау жұмыстары орындалмаған.

Бұдан бөлек, №284 мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты (бұдан әрі – Интернат) 09.12.2021ж. Қызылорда облысы Қармақшы ауданындағы балалардың демалуына арналған жазғы-қысқы лагерінің құрылысы пайдалануға қабылдау актісімен қабылданған.

Ұлттық экономика министрінің 30.11.2015ж. №750 бұйрығымен бекітілген Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен

өту қағидаларының 26-тармағына сәйкес тіреу және қоршау (сыртқы) конструкцияларын, инженерлік жүйелері мен жабдықтарын өзгертуге байланысты қолданыстағы үйлер мен ғимараттардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) үшін бастапқы материалдарды қамтуы тиіс.

Дегенмен жоғарыда аталған қағидалар тармағының талаптарына сәйкес нысанды Интернат ретінде аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің тиісті шешімінсіз (сәулет жоспарлау тапсырмасын және т.б. алмаған) рәсімдеп, қайта жабдықтаған.

Сонымен қатар, тексеру барысында аталған ғимаратты өзгертуге негіз болған құжаттар көшірмелерін бірнеше рет арызданушы Ғ.Алиев беруді сұраған.

Дегенмен аудандық білім бөлімі мемлекеттік құпиялар ретінде танылмаған мәліметті «сұратылған құжаттар ақпараттық таратылуға жатпайды» деген мәтінде жауап қайтарып, Интернат ретінде қабылдауға негіз болған ақпаратты бермеген.

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабына сәйкес ақпаратқа қол жеткізу құқығы тек заңдармен және конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында қажетті шамада ғана шектелуі мүмкін.

Қол жеткізуге шектеу қойылмайтын ақпараттың тізбелері осы Заңның 6-бабында көрсетілген.

Осы Заңның 9-бабының 2-тармағында ақпарат иеленуші ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге, анық және толық ақпарат беруге міндетті.

Алайда аталған заңның талаптары аудандық білім бөлімі тарапынан назардан тыс қалып, бұзушылықтарға жол берілген.

Сондай-ақ Интернатта 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 23 оқушы (7 сынып – 11 оқушы, 8 сынып – 12 оқушы) білім алуда.

«Білім туралы» Заңының 57-бабына сәйкес заңды тұлғалардың білім беру қызметі осы Заңға және Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес лицензиялануға жатады.

Осы Заңның 56-бабының 4-тармағына сәйкес оқу мерзіміне қойылатын жалпы талаптардың жиынтығын айқындайтын білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары белгіленеді.

Оқу-ағарту министрінің 24.11.2022ж. №473 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің 20-тармағында жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін спорт залдарының болуы көзделген.

Алайда тексерумен Интернат спорт залмен жабдықталмауына байланысты білім беру қызметіне лицензия алынбағаны анықталды.

Аудан аумағындағы білім беру ұйымдарының ішінде №105, №108 мектептерінің ғимараты апаттық жағдайда және одан әрі пайдалануға жарамсыз деп танылған.

Алайда тамақтануды ұйымдастыруға тартылған жеке кәсіпкерлік субъектісінің басшысымен мәзірді бекітпеген, тамақтануды ұйымдастырылатын ұйымның басшысымен келісілмеген (Денсаулық сақтау министрінің 17.02.2022ж. №ҚР ДСМ-16 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының 161-тармағы).

Денсаулық сақтау министрінің 21.12.2020ж. №ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығымен бекітілген «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану» стандарттарының (бұдан әрі - Стандарт) 1-тарауының 2-тармағының 2) тармақшасында балалар тағамына арналған тамақ өнімдері - балалар организмінің тиісті физиологиялық қажеттіліктеріне сай келетін және тиісті жастағы баланың денсаулығына зиян келтірмейтін балаларға арналған (0-ден 3 жасқа дейінгі балалар, 3-тен 02.06.2023 № 2-1006-23-00739 2 6 жасқа дейінгі мектеп жасына дейінгі балалар, 6 жастан және одан жоғары мектеп жасындағы балалар үшін) арнайы тамақ өнімдері екендігі көрсетілген.

Стандарттың 4-тармағына сәйкес перспективалы маусымдық (жаз – күз, қыс – көктем) екі апталық мәзірді орта медицина қызметкері тәуліктік азық-түлі жиынтығының бекітілген нормаларына сәйкес жасайды.

Бұл ретте, тәуліктік рацион өнімдерінің бір бөлігі (сүт, нан, қант, сары май, көкөністер) күнделікті мәзірге тәуліктік жиынтықтың нормаларына сәйкес мөлшерде енгізіледі. Басқа өнімдер (балық, сүзбе, жұмыртқа, ірімшік, қаймақ және басқалары) баланың рационна күн сайын енгізілмейді, бірақ бір апта ішінде ол толығымен беріледі.

Дегенмен, білім бөлімімен бекітілген ас мәзірінде балық, сүзбе, ірімшік баланың рационна енгізілмей, 3934 баланың құқықтары бұзылуына жол берілген.

Өрт қауіпсіздігі қағидалары бойынша.

Төтенше жағдайлар министрінің 21.02.2022ж. №55 бұйрығымен бекітілген Өрт қауіпсіздігі қағидаларының 2-тармағына сәйкес объектілерді пайдалану кезінде осы Қағидалардың, белгіленген тәртіппен бекітілген, объектілерді пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі талаптары қамтылған нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтау қамтамасыз етіледі.

Дегенмен барлық мектепте Қағидалардың бұл талаптары сақталмай, орта білім беру ұйымдарында өртпен ұштасатын төтенше жағдайлардың болуы қауіпін тудырып, қызметкерлердің қауіпсіздік талаптарына сай еңбек ету, ал оқушылардың онда болу жағдайына нұқсан келтіруде (құжаттар тіркелді).

Метрология саласындағы заңнама талаптары бойынша.

«Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Заңының 19-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік метрологиялық бақылау объектілері болып табылатын өлшем құралдары айналымға шығарылу алдында олардың типі бекітілгеннен кейін немесе метрологиялық аттестаттаудан және өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркелгеннен кейін, жөндеуден кейін пайдаланылу кезеңінде салыстырылып тексеріледі.

Дегенмен барлық мектептердің пайдаланудағы мемлекеттік реттеуге жататын өлшем құралдарының салыстырып тексеру уақыттары өтіп кеткеніне қарамастан қолданылғандығы анықталды.

Еңбек заңнамасының талаптарын бұзу деректері бойынша.

Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 3-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының мақсаты еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарымен тікелей байланысты өзге де қатынастарды еңбек қатынастары тараптарының

№26, 27, 28, 29, 30, 105, 107, 109, 113, 121, 185 мектептерде жұмыскерлеріне 2022-2023 жылға кіріспе нұсқаулық журналы жүргізілмесе, №28, 29, 79, 106, 108, 109, 185, 186, 199 мектептерде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша жұмыс орнындағы журналына 2022-2023 жылы қайталама нұсқауды кемінде жартыжылдықта бір рет жүргізілмеген (Еңбек Кодексінің 182-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 25.12.2015ж. №1019 бұйрығымен бекітілген Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидаларының 43, 47 тармағы).

№26, 27, 29, 30, 105, 106, 107, 108, 111, 113, 121, 183, 185, 250 мектептерде жұмыс беруші тарапынан мекемедегі жұмысшы мамандықтарында қызмет атқаратын жұмыскерлерге арналған еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтар Қағидаға сәйкес әзірленбеген (Кодекстің 182-бабы 2-тармағының 16) тармақшасы, Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу, бекіту және қайта қарау қағидаларының 3-тармағы).

№26, 27, 30, 183, 250 мектептердің тиісті жұмыскерлері арнайы киім және басқа да жеке қорғаныш құралдарын берудің нормаларына сәйкес қамтамасыз етілмеген (Кодекстің 182-бабы 2-тармағының 4-тармақшасы).

№30 мектепте жұмыс берушінің бұйрығымен еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі мәселелерін сақталуын бақылау жөнінде комиссия құрылмаған (Кодекстің 182-бабы 2-тармағының 3) тармақшасы, Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу, бекіту және қайта қарау қағидаларының 13-тармағы).

Анықталған бұзушылықтар мектеп директорлары, жауапты орынбасарлары және жауапты тұлғалардың өз міндеттеріне немқұрайлы қарауынан және ведомстволық бағыныстағы аудандық білім бөлімінің жауапты мамандарының тиісті дәрежеде бақылау жүргізбеуі салдарынан орын алған.

Жоғарыдағылардың негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабын және «Прокуратура туралы» Конституциялық заңының 36-бабын басшылыққа алып,

ҰСЫНАМЫН:

1. Ұсынуды қарап, орын алған заңдылықтың бұзылуын жоюды және алдағы уақытта оларды болдырмауға бағытталған нақты іс-шаралар қабылдауды. Ол үшін:

- «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптарын мүлтіксіз сақтауды;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20.06.2023ж. №225 бұйрығында көрсетілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жекелеген санаттағы өнім берушілерден мемлекеттік сатып алуды өткізуді;

- мемлекеттік сатып алу бойынша тұрақсыздық айыбы өндірілмеген өнім берушілерге қатысты шаралар қабылдауды;

- мектептердегі сабақ кестелерін заңнама талаптарына сәйкестендіріп, №26, 27, 79, 106, 121, 183, 284 мектептерде білім алып жатқан 493 баланың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруді;

- мектептердегі ас мәзірлерді стандарттар мен нормаларға сәйкестендіріп, 3934 мектеп оқушысының бұзылған құқықтарын қалпына келтіруді;

- мектеп ғимараттарын санитарлық-эпидемиологиялық және өрт қауіпсіздік талаптарына сәйкестендіруді;

- мектеп әкімшіліктерімен өз қызметінде еңбек, метрология саласындағы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етуді.

2. Қызметтік міндеттерін тиісті дәрежеде атқармай, заңдылықтың бұзылуына жол берген жауапты тұлғалардың тәртіптік жауаптылықтарын қарауды.

3. Ұсынудың қарау уақыты мен орны туралы алдын ала 3 күн бұрын, қаралу нәтижелері және қолданылған шаралар жөнінде (дәлелдеме құжаттармен қоса) Конституциялық заңда көзделген мерзімде аудан прокуратурасына хабарлауды.

Аудан прокуроры

М. Маханбетжанов

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
ПРОКУРАТУРАСЫ

ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫНЫҢ
ПРОКУРАТУРАСЫ



ПРОКУРАТУРА КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ
ОБЛАСТИ

ПРОКУРАТУРА
КАРМАКШИНСКОГО РАЙОНА



120500, Қызылорда облысы,
Жосалы кенті, Қорқыт Ата көшесі, үй №2а
тел. 8(72437) 2-19-78
www.kzl.prokuror.kz

120500, Кызылординская область,
поселок Жосалы, улица Коркыт Ата, дом №2а
тел. 8(72437) 2-19-78
www.kzl.prokuror.kz

16.04.2024 № 2-1006-24-00567

Қармақшы ауданы
бойынша білім
бөлімінің басшысы
Г. Абдазиеваға

ҰСЫНУ

зандылықтың бұзылуын жою туралы

Аудан прокуратурасы қадағалау аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының қызметіне тексеру жүргізіп, заңдылықтың бұзылуына жол берілгенін анықтады.

Мемлекеттік сатып алу заңнамаларын сақтамау деректері бойынша.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 4-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру осы Заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру, әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік, мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы және сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу қағидаттарына негізделеді.

Заңда қажетті тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алудың бірқатар тәсілдері көзделген, оның ішінде конкурс (ашық конкурс, алдын ала біліктілік іріктеумен конкурс, екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып ашық конкурс), аукцион, тауар биржалары арқылы бір көзден баға ұсыныстарын сұрату (Заңның 13-бабының 1-тармағы).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20.06.2023ж. №225 бұйрығына сәйкес тауарларды өндіретін және (немесе) беретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдар қоғамдық бірлестіктері және (немесе) Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдар қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардан сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінің тізбесі бекітілді.

Бірлестіктің аталған санатынан бастапқы сатып алу міндеті Заңның 51-бабында айқындалған.

Дегенмен мектеп әкімшілігімен жоғарыда көрсетілген Тізбенің өлшем шарттарына жатпайтын сатып алу нысанасын көрсете отырып, конкурстарды жариялау жолымен көрсетілген талаптарды елемейтіні анықталды.

Документ подписан: Маханбетжанов Мейрамбек Жанбырбаевич, 16.04.2024 18:06:30

ИС «Қадағалау» 20171213

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы
Құқықтық статистика және арнайы есепке
алу жөніндегі комитетінің Қызылорда облысы
бойынша басқармасы мемлекеттік мекемесі

Актіні тіркеу нөмірі

№ 2243460000602012/00076 16.08.2022 г.

Тіркеген АСАНОВ МАКСАТ ЕРБУЛАТОВИЧ

ТЕКСЕРУДІ ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ АКТІ

№ 77

15.08.2022 ж.

1. Мемлекеттік органның атауы "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Қармақшы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі

2. Тексеру жүргізуге уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) тегі, аты, әкесінің аты (ол болғанда) және лауазымы

КАЛДЫБЕКОВА АЙГЕРИМ ОРАЗБЕКОВНА - бас маман

3. Тексеру жүргізу үшін тартылатын мамандар, консультанттар және сарапшылар туралы мәлімет

тартылмаған

4. Тексерілетін субъектінің, объектінің атауы (заңды тұлғаның немесе оның филиалының және (немесе) өкілдігінің атауы, оған қатысты тексеру бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы жүргізу тағайындалған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)), оның орналасқан жері, аумақтың учаскесі, жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес-сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН)

050240009544, "Қызылорда облысының білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің "№79 негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

"Қызылорда облысының білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің "№79 негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қызылтам стансасы Сарыжылуан көшесі №1, КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ, КАРМАКШИНСКИЙ, Кармакшинский

5. Тағайындалған тексерудің нысанасы

"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 6 тамызда № 23890 болып тіркелді

6. Тексеру жүргізудің мерзімі 15.08.2022 - 26.08.2022

7. Тексеру жүргізудің құқықтық негіздері, оның ішінде міндетті талаптары тексеруге жататын нормативтік құқықтық актілердің талаптары Бұзушылықты жою туралы ұйғарымның орындалуына

ҚР КК 144б. 3т. 1)т. - тексерудің және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың нәтижесінде тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттарында айқындалған, анықталған өрескел бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың (қаулылардың, ұсынулардың, хабарламалардың) орындалуын бақылау;

8. Тексерілетін кезең 02.05.2022 - 26.08.2022

155-бап. Бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі бақылау және қадағалау субъектісінің не оның уәкілетті өкілінің құқықтары мен міндеттері (Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі)

1. Бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде бақылау және қадағалау субъектілері не олардың уәкілетті өкілдері:

1) тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу үшін объектіге келген бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарын тексеруге және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауға мынадай:

Кәсіпкерлік Кодекстің 141-бабына сәйкес бекітілген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көрсетілген ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін тексерулерді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу мерзімділігі сақталмаған;

тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіде көрсетілген, Кәсіпкерлік Кодексте белгіленген мерзімдерге сәйкес келмейтін мерзімдер асып кеткен не олар өтіп кеткен;

Кәсіпкерлік Кодекстің 144-бабы 3-тармағының 3), 4), 8), 9) және 10) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, бақылау және қадағалау органы сол бір кезең ішінде сол мәселе бойынша өзіне қатысты бұрын тексеру немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізілген тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындаған;

егер алдыңғы тексеруде немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауда және қадағалауда бұзушылықтар анықталмаған болса, Кәсіпкерлік Кодекстің 144-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеру тағайындалған;

Кәсіпкерлік Кодекстің 141, 143-баптарында және 146-бабының 1-тармағында көзделген акпараттар мен құжаттар болмаған;

жасалған не дайындалып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы өтініште немесе хабарламада, жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтар туралы өзге де жүгінімдерде көрсетілген уақыт аралығы шеңберінен шығатын кезең үшін тексеру тағайындалған;

тиісті өкілеттіктері жоқ адамдарға тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу тапсырылған;

Кәсіпкерлік Кодекстің 147-бабының 6-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы бір актіде тексеруге немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауға тартылатын бірнеше бақылау және қадағалау субъектісі көрсетілген;

тексерудің немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың мерзімдері Кәсіпкерлік Кодексте белгіленген мерзімнен асырып ұзартылған;

осы Кодекстің 156-бабының 2-тармағына сәйкес Кәсіпкерлік Кодекстің талаптары өрескел бұзылған жағдайларда, жібермеуге;

2) егер мәліметтер жүргізілетін тексерудің немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың нысанасына, сондай-ақ актіде көрсетілген кезеңге жатпайтын болса, оларды ұсынбауға;

3) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіге, тексеру нәтижелері туралы актіге, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға және мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Кәсіпкерлік Кодексте және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

4) бақылау және қадағалау органдарының немесе лауазымды адамдардың бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметін шектейтін заңда негізделмеген тыйым салуларын орындамауға;

